



100602, Ұлытау облысы, Жезказған қаласы,  
Алаш алаңы, 1, тел. +7-705-683-68-63,  
dadgs.ulytau@kyzmet.gov.kz

100602, область Улытау, город Жезказган,  
площадь Алаша, 1, тел. +7-705-683-68-63,  
dadgs.ulytau@kyzmet.gov.kz

№ 19-9-05-13/69-И от 27.01.2023

№

## Жоғары оқу орындарына (тізім бойынша)

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) кәсіби мемлекеттік аппаратты құру бағытында мемлекеттік қызметке жастарды тарту мақсатында Қарағанды облысының жоғарғы оқу орындарымен серіктестік орнату мақсатында ресми келісім (меморандум) орнатуды жоспарлауда.

Оның негізгі мақсаты Ұлытау облысындағы мемлекеттік органдарға білікті, білімді жастарды тарту, оларды мемлекеттік қызметке түсу тәртібімен таныстыру.

Осы орайда, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 15-бабының 6-тармағына сәйкес **жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде білім беру ұйымдарында уәкілетті орган белгілеген мәншеп төмен емес оқу нәтижесімен оқуын бітірген адамдар осы оқуды бітіргеннен кейін бір жыл ішінде конкурс өткізілместен «Б» корпусының мына мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына:**

1) облыс ауданының немесе облыстық маңызы бар қаланың (облыстың әкімшілік орталығы болып табылатын қаладан басқа) әкімі және мәслихаты аппараттарының төменгі лауазымына;

2) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыс ауданы және облыстық маңызы бар қала (облыстың әкімшілік орталығы болып табылатын қаладан басқа) атқарушы органының басшылық емес лауазымына;

3) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының басшылық емес лауазымына;

4) орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының облыс ауданындағы немесе облыстық маңызы бар қаладағы (облыстың әкімшілік орталығы болып табылатын қаладан басқа) аумақтық бөлімшесінің басшылық емес лауазымына орналаса алады.

Жоғары көрсетілген өзгеріс жоғары оқу орындарының түлектері үшін алғашқы жұмыс орнын мемлекеттік қызмет табалдырығынан бастауға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, конкурстық іріктеуге қатысқан жағдайда мемлекеттік органдардағы төменгі лауазымдар үшін жоғары немесе жоғарыдан кейінгі білім болған жағдайда жұмыс тәжірибесі талап етілмейдігі туралы хабарлаймыз.

Осылайша, Департамент Сіз басқарып отырған жоғары оқу орнымен бірлесіп жұмыс атқаруға дайын екенін білдіреді. Сонымен қоса, қаңтар айының соңынан бастап, ақпан, наурыз айларына іс-шаралар жоспарын құрып, соңғы курс студенттерімен кездесулерді ұйымдастыруға ықпал етуіңізді сұрайды.

Департамент басшысының м.а.

М. Сабаев

орын: Ж. Қайыр  
87089164959

НАО «КАРАГАНДИНСКИЙ ТЕХНИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБЫЛКАСА САГИНОВА»
ВХОДЯЩИЙ № <u>109</u>
20 <u>23</u> г. « <u>30</u> » <u>01</u>

**ЖОО тізімі:**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды техникалық университеті

Қарағанды экономикалық университеті